



МЫЗҒЫМАС ӘРІПТЕСТІК



2 ақпанда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ректор Ғалымқайыр Мұтанов «Hewlett-Packard» (HP) өкілдігінің Қазақстан мен Қырғызстандағы басшысы Ерлан Дүйсенбин, «Hewlett-Packard халықаралық технологиялар институты» бағдарламалық жетекшісі Игорь Белоусов және Бизнесі дамытудағы менеджер Эльвира Сапожниковамен кездесті.

Екі жақты кездесуге технологиялық мамандықтар оқытып жатқан университеттегі факультеттер декандары мен кафедра меңгерушілері де қатысып, қонағымыздың ұсынған ұсыныстарын мұқият ден қойып тыңдады. «Біз университеттеріңізбен стратегиялық әріптестік орнатас деген ниетпен келіп отырмыз. Бас ғимараттарымыз Астана мен Алматы қалаларында орналасқан. Барлықтарыңызға таныс компания. Бүгін сіздерге өзіміздің жаңа ұсыныстарымыз бен бағдарламаларымызбен таныстыруға келіп отырмыз», - деді Ерлан Дүйсенбин. Ал Игорь Белоусов бағдарламалар жүйесімен және арнайы слайд арқылы жиналысқа қатысушыларды компания өнімі деңгейімен, жалпы жұмыс барысымен таныстырды. «Hewlett-Packard халықаралық технологиялар институты» бағдарламалық жетекшісінің айтуынша, компания өнімдері бүгінде әлемнің 170 елінде қолданыста. Баяндама барысында HP зертханалары қызметтері таныстырылып, жаңадан өндіріске енген Индиго баспа машинасының да презентациясы слайд арқылы жасалды.

HP компаниясының іргесі 1939 жылы қаланған. Компанияның штаб-

пәтері Калифорния, Пало-Альтода орналасқан. Президенті әрі бас атқарушы директоры Meg Whitman болып табылады. HP - ақпараттық технологиялар бойынша әлемдегі ірі компаниялардың бірі. 2011 жылы компанияның табысы - \$127,2 млрд. құраған. Сонымен қатар, HP компаниясы Fortune 500 тізімінде 2011 жылы 11 орынды иемденген екен.

Ақпараттық технологияларда HP үш бөлімі көшбасшылыққа ие. Атап айтқанда, олар Жеке жүйе тобы (PSG) – бұл ПК қолданушылары мен бизнес, мобильді есептеулі құралдар мен жұмыс станциялары. Ал, баспа құралдары мен сандық бейнелеуді өңдеу тобы (IPG) – бұл топ лазерлік және коммерциялық басу жұмысы, сандық фотосуреттерден құралса, үшінші тобы кең көлемдегі бизнес пен ұжымды белгілі бір бағдарламамен қамтамасыз етумен жұмыс істейді.

Компания өкілдері университетке қолдануға ыңғайлы әрі заманауи әдіс-тәсілдермен жабдықталған техника арқылы білім алу сапасын арттыруға жасалған бірнеше бағдарламаларын ұсынды. Олардың кейбіріне байқау арқылы қатысуға болады, байқау ағымдағы жылдың сәуір айында өтеді.

«Біз өткен жылы шетелдік іс-сапар барысында сіздердің компанияларыңыздың зертханасымен танысқан болатынбыз. Бізді қызықтырған салалар бойынша 9 жоба дайындап, сол жоғары да сіз атаған байқауға қатысуға тіркелдік. Осы орайда оқу орталығын құру қызықтырып отыр. Зертханалық жұмыстарға араласып, тәжірибе алмасу студенттерімізге көп мүмкіндік берер еді», - деп атады ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов өз сөзінде.

Кездесуде ҚазҰУ-дың Ғылыми-инновациялық жұмыс жөніндегі проректоры Тілекқабұл Рамазанов ұсынған ғылыми-зерттеу жұмыстарын бірлесе атқаруға қызығушылық танытып: «ҚазҰУ технопаркінде» HP-орталығын құру біздің жоспарымызда бар. Магистранттар мен докторанттарымыз ғылыми жұмыстарын нақты бір ғылымды меңгеруге арнап жасайды. Алдаға уақытта бар мүмкіндікті пайдалана отырып, жақсы игі бастамалар жүзеге асыруға болады», - деп қорытындылады.

Сонымен қатар, факультеттерден әртүрлі сұрақтар қойылып, ұсыныстар түсіп, кездесу барысы қыза түсті. Мысалы, тернинг-орталықтар құру, кеңес беру бөлімі қызметі жүзеге асуы ұсынылып, кейбір бағдарламаларға қатысу үшін географиялық мекен-жайдың да маңызы бары, жұмыспен қамту кеңесі құрамына бұл компания өкілі де енсе деген сияқты бірнеше ұтымды ұсыныстар да болды.

Еңлік АҚЖІГТ

6 ақпандағы ректорат мәжілісінде оқу-әдістемелік жұмысының индикативтік жоспар бойынша бірінші жартыжылдықта орындалуы жөнінде оқу жұмысы жөніндегі проректор Г.Балақаева баяндама жасады. Оқу жылының I жартыжылдығы негізінде факультет, әр кафедраға жеке-жеке қорытынды жасап, әлі де жетілдіре түсетін тұстарын атады.

Студенттерді ынталандыру жұмысы артып келеді

Проректор сондай-ақ, ҚР Тәуелсіздігінің 20 жылдығына орай, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ұлттық тестілеу орталығы тарапынан университеттің 23 оқытушысына сертификаттар табыс етілгендігін хабарлады.

Күн тәртібінде қаралған екінші мәселе университеттің кәсіби бағдар беру жұмысы жөнінде жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің деканы Т. Молдахановтың хабарламасы болды. Факультетте атқарған жұмыстар тыңдалып, «әл-Фараби» олимпиадасы қалай өтіп жатқандығынан мәліметтер келтіріліп, 6-8 ақпан аралығында онлайн жүйеде өтетін тест жұмысы және 21-23 ақпан аралығында рес-публика бойынша жүргізілетін комиссия жұмысының басталатынын айтты.

Жастар ұйымы бөлімінің бастығы Д. Сүндетбаев М.В. Ломоносов атындағы ММУ-ға шетелдік іс-сапары туралы есебі туралы ақпарат беріп, бірнеше қызықты ұсыныстарын айтып өтті.

Бүгінгі ректорат мәжілісінде әдеттегідей шәкіртақы тағайындауменалғысхаттартабыстаурәсіміөтті.С.Сәбикенов халықаралық қатынастар факультеті халықаралық құқық кафедрасының 1 курс студенті Ф. Серіковаға шәкіртақы сертификатын табыс етті. Сондай-ақ, мемлекет және құқық теориясы мен тарихы, конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының ұйымдастыруымен заң факультетінің 2 курс магистранты М. Жақсығұлова мен 2 курс студенті Е. Қасымовқа шәкіртақыны «Нұр Отан» партиясы жауапты хатшысының көмекшісі, «Ақ орда» республикалық қозғалысы төрағасының орынбасары Қ. Мұсағұлов табыста, заң факультетінің қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасы тағайындаған Ә. Әйтиев атындағы арнаулы шәкіртақыны 2 курс студенті А. Амантаев пен магистрант И. Канға кафедра меңгерушісі Р. Жансараева берді. География және табиғатты пайдалану факультетінің география, жерге орналастыру және кадастр кафедрасы тағайындаған атаулы шәкіртақылар А. Ахметқали, И. Кәрібаева, А. Ершұғұлов, Т. Батырбекова, А. Жармағамбетоваға берілді.

Жастар саясатын дамытуға қосқан ерен еңбегі үшін филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің студенті Н. Нағашбековке Алматы қаласының әкімі, «Нұр Отан» ХДП-ның Алматы қалалық филиалының төрағасы Ахметжан Есімов атынан алғыс хат табыс етіліп, Қазақстанның «Ақ жол» демократиялық партиясы 2012 жылы сайлау науқанында партияның жеңіске жетуіне ерекше жеке үлес қосқаны үшін Ә. Серікжанова мен А. Мұратова және А. Серікұлына алғыс хаттар мен қаржылай сияпат сертификаттарын берді.

Мәжіліс заң факультетінің деканы Д. Байделдиновтің Зияткерлік құқық мәселелері ғылыми-зерттеу орталығын ашу туралы және көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткер Әбдірахман Айтиев атын № 420 аудиторияға және көрнекті ғалым, заң ғылымдарының докторы, профессор Елеген Қайыржановтың атын № 422 аудиторияға беру туралы ұсыныстары ректорат мүшелері тарапынан қолдау табуымен қорытындыланды.

Еңлік АҚЖІГТ

БҮГІНГІ САНДА:

«Әл-Фараби» олимпиадасына іріктеу басталды



2-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Жастардың жауапкершілігі зор



5-бет

БҮГІНГІ САНДА:

Тәуліктік кітапханасы бар университет



7-бет

ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ПАЙДАЛАНУ – ЗАМАН ТАЛАБЫ

Білім беру жүйесін жан-жақты ақпараттандыру, оқу барысында инновациялық технологияларды барынша ендірудің негізгі бағыттары және оның алғы шарттары мен идеялары, Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беру тұжырымдамасында, сонымен қатар жақында ғана Н.Ә. Назарбаевтың халыққа жолдауында айқын көрсетілген.



— аталған әдістің авторы және «So to Speak AB» компаниясының атқарушы директоры. Хофсо әдісін университетте іске асыру үшін, алдын ала он оқытушы іріктеліп, әдісті пайдалану жөнінде семинар- кеңес өткізілді, оқытушыларға әдіс енгізілген ұялы телефондар үлестірілді. Ұялы телефонға сегіз жүзге жуық жаттығулар енгізілген, онда мәтін аудармасы бар, мәтіндер ер және әйел адамның даусымен берілген, дұрыс ести алмай қалған жағдайда, мәтінді бірнеше рет тыңдау мүмкіндігі қарастырылған.

Ұялы форматта шет тілін үйрену әдісінің қолайлылығы сол, кез келген жерде (үйде, автобуста, серуендеу кезінде, т.б.) ұялы телефонды қосып, шет тілін меңгеруге мүмкіндік зор, оның үстіне жас буын соңғы техниканы анағұрлым тез қағып алады. Осы әдіспен оқыту үш кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңнің мақсаты - студенттің тыңдау қабілетін арттыру, себебі жоғарыда атап өткендей,

сөйлемді бірнеше мәрте тыңдауға мүмкіндік жеткілікті, екінші кезеңі - сөздерді, сөйлемдерді дұрыс және анық айта білу, ұялы телефонда көрсетілген ұяшықтарды әріптермен толтырғаннан кейін, мәтінді өз дауысыңызбен жазып, тыңдап, қалай айтқаныңызды телефондағы дауыспен салыстыруға болады, үшінші кезеңі - мәтін аудармасын есте сақтай білуге, сауатты жазуға үйрету. Ақпанның 4-ші жұлдызында әдістің нәтижесі қорытылды, студенттер қорытынды тест жазып, әдістің тиімділігі туралы сауалнама толтырды, оқытушылар әдіс туралы өз ойларын ортаға салып, жобаны жалғастыру туралы ұсыныстарын айтты. Жобаға қатысқан оқытушылар мен студенттерге Карл Хофсо сертификат үлестірді.

Б.Н. АҚШАЛОВА
Гуманитарлық факультеттерге арналған шетел тілдері кафедрасының доценті

МЕҒАЖОБА

«Әл-Фараби» олимпиадасына іріктеу басталды

2012 жылдың 6 ақпанында «Әл-Фараби» олимпиадасының бірінші (іріктеу) туры басталды. Олимпиада 2 тур бойынша өткізіледі. Бірінші тур бекітілген кестеге сай өтеді, екінші тур 21-23 ақпан аралығында ҚР бірнеше аймақтарында, Алматы және Астана қалаларында өтеді.

«Әл-Фараби» олимпиадасы барлық 10-11 сынып оқушыларына арналған мегажоба. «Әл-Фараби» олимпиадасы барлық талапкер үшін білім жолындағы алғашқы баспалдақ. «Әл-Фараби» олимпиадасы – Қазақстандағы ең таңдаулы оқу орны – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті атануға үлкен мүмкіндік беретін жоба.

«Әл-Фараби» олимпиадасының негізгі мақсаттары мен міндеттері дарынды оқушыларды айқындау және оларға

қолдау көрсету, мектеп оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту, сонымен қатар білімді насихаттау болып табылады.

«Әл-Фараби» олимпиадасы мынадай пәндер бойынша өткізіледі: география, физика, математика, химия, дүниежүзілік тарих, Қазақстан тарихы, қазақ тілі және әдебиеті, орыс тілі және әдебиеті, шет тілі (ағылшын тілі/неміс тілі/ француз тілі).

ҚР аймақтарында өткізілу кестесі

6 ақпан	7 ақпан	8 ақпан
Ақтөбе облысы (9.00-10.00) Атырау облысы (9.00-10.00) Батыс Қазақстан облысы (11.00-12.00) Маңғыстау облысы (11.00-12.00) Павлодар облысы (11.00-12.00)	Оңтүстік Қазақстан облысы (9.00-10.00) Жамбыл облысы (9.00-10.00) Қызылорда облысы (11.00-12.00) Қарағанды облысы (11.00-12.00) Шығыс Қазақстан облысы (11.00-12.00)	Ақмола облысы (9.00-10.00) Қостанай облысы (9.00-10.00) Солтүстік Қазақстан облысы (9.00-10.00) Астана қаласы (11.00-12.00) Алматы қаласы (11.00-12.00) Алматы облысы (11.00-12.00)

Әдістемелік семинар

Биология және биотехнология факультеті биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасында оқу-әдістемелік семинар өткізу дәстүрге айналды. Оқу-әдістемелік семинар нәтижесінде кафедрадағы оқу-әдістемелік, ғылыми-инновациялық және жас мамандар арасында тәрбиелік жұмыстар едәуір жетістіктерге жетуде.

Жақында осы бағытта өткен семинар барысында күн тәртібі бойынша кафедра доценті С.Т. Назарбекова білім беру үрдісінде, оқу-әдістемелік кешен жасау барысы инновациялық әдістер және қазіргі кезде заман талабына сай сабақ өткізу әдістері бойынша өз пікірімен бөлісті. Сонымен бірге ол оқу әдістемелік кешен жасау барысында студенттерге өзіндік жұмысты нақты бір жоба ретінде беруді ұсынды. Сондай-ақ семинар, зертханалық сабақтарды жарыс түрінде, дөңгелек үстел түрінде өткізген өте тиімді, әсіресе, студенттер үшін өте қызықты және жарыста жеңіске жету үшін студенттер өзіндік жұмыс жасау барысында көптеген ізденістер жасайды және мәреде бірінші орын алу үшін көптеген дайындықтардан өтетіндігін атап көрсетті.



Кафедра доценті, б.ғ.к., Н.З. Ахтаева ғылыми жоба орындау барысында «Семей полигоны аймағындағы радиациялы ластанған ортадағы өсімдіктердегі ксенобиотиктердің биоиндикациясы, жинақталуы және өсімдіктердің структуралық экологиялық ерекшеліктері» тақырыбында жасалынып жатқан жұмыс нәтижелерімен таныстырып, ғылыми инновациялық ұсыныстар жасады.

Кафедра доценті, б.ғ.к., А.Б. Ахметова кафедрадағы оқылатын пәндер бойынша оқу үдерісін оқулықтармен қамтамасыз ету, электрондық оқу құралдарын дайындауға, сондай-ақ тәжірибесі мол кафедра оқытушыларын видео-дәріс оқуға бастау жасауға шақырды.

С.С. АЙДОСОВА,
биология және биотехнология факультеті,
биоалуантүрлілік және биоресурстар кафедрасының
менгерушісі б.ғ.д., профессор

БАСТАМА

Жаңа бағдарлама

ҚазҰУ-да Колумбия университеті Жер институтының (Нью-Йорк, АҚШ) «Global Classroom» жобасы мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті бірлесіп ұйымдастырған «Climate Justice, Human Rights and Development» атты ағылшын тілінде жүргізілетін жаңа бағдарлама ашылды. Бағдарлама 25 ақпан және 5 маусым аралығында жүргізіледі. Барлық факультет магистранттары мен докторанттарының жобаға қатысуға мүмкіндігі бар.

Бірінші «Integrated Approaches to Sustainable Development Practice» атты жоба университетте 2011 жылдың қыркүйек және желтоқсан айлары аралығында өтіп, нәтижесінде ҚазҰУ-дың 17 магистранты мен докторантына Колумбия университеті мен әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттерінің сертификаттары тапсырылған болатын. Бүгінде аталмыш сертификатты иеленген жас ғалымдар Колумбия университетінде тағылымдамадан өтуде.

Жоба аясында өткізіліп отырған екінші жаңа бағдарламаға қатысу үшін өтініш және сабақ үлгерімі жайында мәліметтер тапсырылуы керек. Үміткерлерді қабылдау 14 ақпанда он-лайн түрінде өткізіледі. Құжаттарды Galiya.Ibrayeva@kaznu.kz, Rafis.Abasov@kaznu.kz (ректорат, 1200 кеңсе) электронды мекен-жайларына жіберуге болады.

Халықаралық Үлгімақтастық Департаменті

Студенты обсудили Послание Президента

На расширенном заседании Комитета молодежных организаций КазНУ прошло обсуждение Послания Президента страны Н.А. Назарбаева народу Казахстана.



Данияр Сундетбаев презентовал проект «Дорожной карты» Комитета молодежных организаций» по реализации задач, поставленных Главой государства в Послании. В частности, планируется активизировать работу студенческих конструкторских бюро и бизнес-инкубаторов, развивать студенческое предпринимательство и школу лидерства. Приоритетом остается развитие инновационных проектов. В этом направлении важная роль отводится научным клубам, будет оказываться помощь в продвижении инновационных идей. Особое место отводится проведению творческих и интеллектуальных конкурсов, пропаганде здорового образа жизни, мероприятиям по патриотическому воспитанию молодежи, оказанию социальной поддержки студентам и др.

по реализации задач, поставленных в Послании, перспективах развития и проектах университета, ответила на интересующие студентов вопросы.

На собрании также выступили студент четвертого курса ВШЭиБ Куанышбек Ер尼亚зов и студент третьего курса факультета философии и политологии Шалкар Нурсейтов, призвавшие всех участников к активной работе в осуществлении поставленных Президентом задач в сфере образования и воспитания молодежи.

Начальник отдела по работе с молодежными организациями

В Послании Президента мы видим наш Казахстан процветающим и динамично развивающимся. Главными героями реальных дел должны стать каждый из нас и студенты КазНУ, которые примут активное участие в реализации поставленных задач, - единодушно высказали свое мнение участники заседания.

Сауле ИШАНГАЛИЕВА,
руководитель КМО

Мероприятие состоялось в большом актовом зале с участием лидеров молодежных организаций университета: Сената студентов, Бюро по Болонскому процессу, профсоюза «Сұңқар», Студенческого Совета общежитий, дебатных клубов, волонтерского движения «Көмек», общества «7 муз», а

также руководителей более 50 научных клубов и кружков вуза.

Перед собравшимися выступила директор департамента по воспитательной работе Гульнар Сарсенбекова, которая подробно ознакомила с основными положениями Послания. В своем докладе она отметила, что в По-

слании обозначены конкретные приоритеты государственной политики на предстоящие годы и что главным вопросом является социально-экономическая модернизация страны, в которой студенты КазНУ должны принять активную роль. Г. Сарсенбекова рассказала о плане мероприятий

ДӨНГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Жастар саясаты: Қазақстанда және шетелде

СЕМИНАР

QS рекомендует

6 февраля в КазНУ им. аль-Фараби начал работу двухдневный семинар-совещание «Международные рейтинги университетов и повышение узнаваемости вузов постсоветского пространства». В мероприятии принимает участие региональный директор международного рейтингового агентства QS по Центральной Европе и Центральной Азии Зоя Зайцева.

Тәуелсіз елдің жастары біздер үшін Еліміздің жетістіктері мен болашағы өте маңызды мәселе. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Жастар — Қазақстанның болашағы» деп атап өткен болатын. Еліміздің ертеңі және халқымыздың болашағы ретінде жастар саясаты жайлы мәселе әр қашанда өзекті бола бермек.

орындауындағы Құрманғазының «Адай» күйімен бастау алды.

Дөңгелек үстел факультетіміздің беделді ұстазы Садвокасова Зақыш Төлеханқызының өз кезеңінің жастары, жастар ұйымдары жайлы қызықты әңгімесімен жалғасты. Ол өз сөзінде Кеңес Одағының жастары үшін «пионер», «октябренок», «комсомол» атақтарын алып жүрудің қаншалықты маңызды болғандығын, жастардың оны мақтан еткендігін атап өтті. Тіпті ұстазымыз студенттерге өзінің төс белгісін сақтап қойғанын айтып, оны назарға ұсынды. Сонымен бірге ұстазымыз студенттерге мемлекеттің жастар саясатына араласу маңыздылығын көрсетті.

Қонағымыз Корнелия Австриядағы жастар саясатын сөз етті. Австриядағы партиялардың (Социал, жасылдар, шаруалар (крестьян) партиялары) барлығының жастарға арналған арнайы ұйымдары бар екен, олар мектеп кезінен бастау алып жастардың саяси дамуына, мемлекеттік қызметке дайындық ретінде жүргізіледі. Австриядағы студенттердің өзіндік парламенті жайлы мәселе ҚазҰУ студенттерін қызықтыра түсті. Корнелия Австрияда студенттердің оқу ақысын төлеу мәселелерінде, Жоғары оқу орнында өтілетін пәндерді таңдауда белсенділік танытып, араласатыны жайлы айтты. Яғни, австриялық жастар өз таңдауларын өздері жасайды.

Корнелияны Қазақстандағы жастар саясатымен айналысатындар, жастар саясатының жүргізілуі мәселелері өте қызықтырды. Біздің белсенді студенттеріміз Корнелияға өз университетіміздегі жастар ұйымдары жайлы, олардың қызметтері жайлы баяндады.

«Көмек», «Жеті муза» сынды ұйымдардың тәжірибелері аталып өтті. Студенттер өзара жастар ұйымдарының қызметтері жайлы пікір алмасты. Әрі қарай Болон үдерісі бойынша ұлттық студенттік бюроның академиялық бағыт координаторы 3-курс студенті Диана Успанова сөз алды. Ол аталмыш ұйымның мақсат-міндеттерін, Қазақстанның жастар туралы заңы және оның маңыздылығы жайлы қысқаша баяндады.

Дөңгелек үстел қызықты да тартымды өтті. Студенттер де өз пікірлерін еркін айтып, Австрияның жастар саясатынан көп мәліметтер алды. Өз елімізде жастар саясатына байланысты атқарылып жатқан жұмыстарды бағалады.

ҚазҰУ студенттері өз кезегінде Қазақстанның саяси, экономикалық — әлеуметтік тұрғыда дамып, әлемнің ең алдыңғы қатардағы мемлекеттерінің біріне айналуына ерінбей еңбек ететіндерін жеткізді. Бүгінгі таңдағы еліміздің жиырма жылдық жетістіктері де көз қуантарлық. Еліміздің болашағын жастарымыздың белсенді түрде дамыта-тына сеніміміз мол.

Дөңгелек үстелге «жастар саясаты жеткілікті деңгейде дамып жатыр ма?», «жастардың саясатта белсенділігін қалай арттыруға болады?», «мен мемлекетке не бере алам?» деген сынды сан-алуан сұрақтарымен келген жастарымыз өз сұрақтарына жауап алып қайтты.

Дөңгелек үстел естелік суретке түсуімен аяқталды.

З.Т. САДВОКАСОВА, т.ғ.д., профессор,
М.М. КАДИРОВА, 1 курс магистранты

Открывая семинар в приветственном слове, первый проректор М.М. Буркитбаев отметил значение прямых консультаций с мировыми аналитическими центрами для актуализации задачи достижения казахстанскими университетами уровня конкурентоспособности в условиях глобализации и поблагодарил представителя QS за поддержку и понимание.

Региональный директор агентства QS З. Зайцева выступила с презентацией методологии агентства и ответила на вопросы, касающиеся позиционирования университета в мировом рейтинге. В ходе совещания рассмотрены рекомендации QS по улучшению индикативных результатов научной, инновационной и учебной деятельности, интернационализации, контента и технических параметров сайта университета, деятельности центра карьеры и ассоциации выпускников.

В работе совещания и обсуждении актуальных вопросов приняли участие заместители деканов факультетов по науке и инновациям, руководители и сотрудники Центра стратегического анализа и прогнозирования, департаментов, ответственные за контент сайт, представители Ассоциации выпускников, Центра карьеры и бизнеса, научной библиотеки и музея КазНУ.

7 февраля совещание продолжит работу по обсуждению моделей продвижения бренда КазНУ в мировом научно-образовательном пространстве в свете трансформации в исследовательский университет.

ҰСТАЗ ДЕГЕН ҰЛЫ СӨЗ

«Ұрпақты ұстаз тәрбиелейді», - деп қазақтың дана ұлы Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ел болашағы иегерлерінің әлеуетін арттырып, бәсекеге қабілеттілігін дамытуда ұстаз еңбегі орасан. Шәкірті оза шапса, қуанып, көңілі марқайып, жаны жадырайтын да ұстаз.

Осы орайда еліміздегі жоғары білімнің кара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұзақ жылдар қажымай еңбек етіп, күш жігерін жастар тәрбиесі мен біліміне ерекше үлес қосып жүрген ұлағатты ұстаз, болашақ экономика саласы мамандарының бас тәрбиешісі туралы сөз қозғағым келеді. Ол — аяулы жар, ардақты ана, білікті басшы, экономика және бизнес жоғары мектебінің деканы Ермекбаева Баян Жүндібайқызы.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі - жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында», - деп жастардың білімін шындап, ой-өрісін жетілдіруде, қоғамда өз орнын табу жолында ұстаздың орасан еңбегін бағалап бергендей. Бұл баға Баян Жүндібайқызы сияқты жандардың іс-әрекетін бейнелейтіндей.

Бала күнінен математикаға жетік ол болашақта экономист болуды мақсат етіп, орта мектепті тәмамдағаннан соң, арман арқалап сол кездегі астананың белді білім ордасы Алматы Халық Шаруашылығы Институтына түседі.

Аталмыш оқу орнын үздік дипломмен аяқтап, Алматы қалалық сауда басқармасына жоспарлы-қаржылық бөлімнің бас маманы болып жұмысқа тұрды. 1977 жылы өзі тәмамдаған оқу орнына ұстаздыққа шақырғанда қуанып келеді. Қарапайым оқытушыдан бастап, «Қаржы және несие» факультетінің деканы деңгейіне дейін әр баспалдақты өте отырып, ғылым жолын да қатарластыра алып жүріп, экономика ғылымдарының кандидаты дәрежесін қорғап, доцент ғалым ретінде танылды.

2001 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ашылған Қаржы



және аудит кафедрасын басқаруға белді ғалым, қажырлы жетекші ретінде көрінген, адамгершілігімен ерекшеленген Ермекбаева Баянды шақырып, жауапкершілік жүктеп, сенім білдіріп еді.

Әрине сенім ақталды. Осынау табандай он жыл ішінде аталмыш кафедра тек жетіліп қана қоймай, тамырын кеңге жайды. Баян Жүндібайқызы сол күндер мен сындарлы кезенді еске алып: «Білімнің кара шаңырағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бұрын-соңды болмаған «Қаржы және бухгалтерлік есеп» кафедрасының негізін қалау мен үшін мәртебе болғаны сөзсіз, бірақ көтерер жүгі де жетерлік жауапкершілік болды. Штат құрамы он сегіз адамнан басталған кафедра 2004 жылы оқытушылар саны қырық сегіз адамды құрап, екі ірі — «Қаржы» және «Есеп және аудит» кафедраларына бөлінді. Алғашқы жылы екі мамандық бойынша бар-жоғы қырық төрт түлекті аяқтандырсақ, 2011 жылы бітірушілер саны тек «Қаржы» кафедрасы бойынша мың балаға жетті», - деп атады.

Өз кәсібінің шебері, ұлағатты ұстаз Қазақстан Республикасында «Салық және салық салу» пәнінің негізін қалады. Инемен құдық қазып, көз майын тауысқан оның осы саладан қаншама оқулықтар

мен оқу құралдары, ғылыми еңбектері жарық көрді. Ізіне ілесіп, ұстазының соңынан ғылымға бет бұрған, өзінің ғана емес елдің көзайымына айналған қаншама жас ғалымдар мен қаржы және несие саласының білікті мамандарын дайындады. Жастарды тәрбиелеуде Баян Жүндібайқызы: «ең бірінші, адам жанын түсінуге тырысу керек, сондай-

экономикалық Еуразия академиясының академигі» дәрежесімен марапатталған.

Ұзақ жылдар тер төгіп, аябай қызмет еткен аяулы ұстаздың еліміздің ұлы мейрейтойында еңбегі жанып, «Қазақстанның 20 жылдығы төсбелгісі» және Елбасы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» деген құрметті атақ берілді.

«Жаксылық еккен, алғыс орады» де-



ак, мейірімділік пен қатаң ұстанымды қатар ұстай отырып, жүктелген жауапкершілікті, отанға деген шексіз махаббатты сезіну маңызды», - дейді.

Ғалым ретінде салық салудағы мәселелерді зерттеудегі үлесі үшін Қазақстанның халықаралық экономистер конгресінің «Алтын төсбелгісімен», 2004 жылы «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ең үздік ғылыми-зерттеу жұмысы үшін» дипломымен марапатталды. 2008 жылы «ҚазҰУ-дың ең үздік оқытушысы» атағына ие болды. Баян Жүндібайқызы, сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының білім саласындағы құрметті қызметкері» және 2009 жылы «Ы. Алтынсарин» атындағы төсбелгісімен және «Халықаралық

мекші, ұлу жылы Баян Жүндібайқызына еңбегінің жемістерін көрсетіп, «әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үздік оқытушысы» марапаты мен «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» мәртебесін ала келді.

Бүгінде Баян Ермекбаеваны жеткен жетістіктерімен құттықтап, аяулы ұстаз, тәжірибелі ғалым, білікті басшыға «Еңбегіңіз жана берсін ардақты ұстаз, еліңіз үшін қызмет студент талмай, ғылым-білім жолына талай жастарды тартатыныңызға сеніміміз мол», - дегіміз келеді.

Райгүл ДОСЖАН, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ оқытушысы

Ученый и студент: грани сотрудничества

Кафедра истории Казахстана в течение многих лет предлагает студентам факультета истории, археологии и этнологии элективный курс «История развития КазНУ им. аль-Фараби».

При изучении дисциплины особое внимание уделяется важным событиям в истории университета, раскрытию роли личностей в становлении и развитии вуза. Значительное место в лекционных и семинарских занятиях отводится ученым и педагогам университета, ректорам, руководившим им в разные годы, ветеранам войны и труда, известным выпускникам вуза. Студенты посещают музеи, изучают инфраструктуру КазГУграда, знакомятся с НИИ и научными лабораториями факультетов.

В настоящее время актуальным является процесс трансформации КазНУ в исследовательский университет. В связи с чем остро встает проблема привлечения студентов к научной работе. Решение ее отчасти зависит от того, знают ли студенты ученых факультета и университета, их научные труды и достижения. Поэтому организация встреч с ними, анализ их работ,

совместные научные публикации являются важной составляющей работы кафедры, это способствует развитию у студентов интереса к научной деятельности.

Например, очень содержательно и интересно прошла встреча второкурсников с доктором исторических наук, профессором Таласом Омарбековым. Студенты знают его как заведующего кафедрой истории Казахстана, большого специалиста по истории Казахстана, автора многочисленных монографий, хрестоматий, брошюр и статей. Но, когда ученый рассказал о тех трудностях, которые он преодолел, занимаясь раскрытием «белых пятен» истории, с любовью и уважением говорил о своих наставниках, учениках и педагогической деятельности, студенты были удивлены и восхищены его трудолюбием и преданностью науке. Их покорила непринужденность и искренность известного не только в стране, но и далеко за ее пределами ученого. Открытое общение побудило их на серьезные размышления о своей будущей профессии и роли науки в развитии общества. В завершение встречи Талас Омарбекович студентам Гулайым Базарбай, Шолпан Нұрлыбек и Мамай Омирбайұлы, проявившим



творческий интерес к его научным изысканиям, подарил одну из своих монографий с авторскими пожеланиями.

На нашей кафедре много известных ученых, занимающихся исследованием истории Казахстана, К.С.Каражан, А.Ш.Алтаев, М.Ж.Ташенев, Ж.Б.Кундакбаева, З.Т.Садвокасова, Г.С.Султангалиева, Б.Б.Карибаев, Н.Д.Нуртазина и другие. Их педагогическая работа и научные достижения являются достойным примером для под-

ражания молодому поколению историков.

Сегодня преподаватели факультета истории, археологии и этнографии, кафедры истории Казахстана вносят свой вклад в большое общее дело всего коллектива университета - трансформацию КазНУ в исследовательский вуз мирового уровня.

А.Т. АХМЕТЖАНОВА,
доцент кафедры
истории Казахстана

НАҚТЫ ТАПСЫРМА-ОҢ НӘТИЖЕ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих, археология және этнология факультетінің археология, этнология және музеология кафедрасының оқытушы-профессорлары мен студенттерімізге ерекше қуаныш пен интеллектуалды серпіліс берген үшінші ақпанның жұлдызды жұмасында студенттердің №10 жатақханасында кездесу өтті.



Бұл саликалы кездесудің негізгі тақырыбы «Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауының әлеуметтік-экономикалық салаларының модернизациялауын зерделеу» болды. Осы кездесудің кіріспе сөзінде археология, этнология және музеология кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, танымал этнолог Аманжол Боранбайұлы Қалыш егеменді мемлекетіміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы халыққа Жолдауының барлық сан-салалы бағыттарына компьютерлік технологияларды оңтайлы пайдаланып саралау жасады. Сосын эдвайзерлік топтардың студенттері де компьютерлік технологиялардың жақсы мүмкіндіктерін пайдаланып, слайд-шоуларын баяндады. Бірінші болып эдвайзер Қ.А. Исаковтың тобы «Қазақстанның сапалы әлеуметтік-экономикалық дамуының приоритеттері», т.ғ.к. эдвайзер Ғ.Т. Бексеитовтың тобы «Қазақстандағы оқу процесіндегі тәрбие компоненттерінің құндылықтары», ал т.ғ.д., декан, эдвайзер Ж.Қ. Таймағамбетовтың тобы «Қазақстанның инновациялық қызметтерінің болашақтағы шешімдері», доцент-эдвайзер М.Ш. Эгамбердиевтің тобы «ҚазҰУ студенттерінің сапалы білім алуының шешімдері» атты тақырыптарымен Елбасының идеяларын керемет эстетикалық тартымды слайд-шоумен көрсетті. Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына қатысты «Болашақ Қазақстан»

атты поэтикалық арнауын MI-01K тобының 2-курс студенті Қызыр Далабаев орындап, бүкіл әлеуметтің ризашылығына бөленді. Эстетикалық ләззат пен музыкалық әуенді АЭ-01K тобының 2-курс студенті Көркем Рахымғалиева домбыраның керемет сазымен сыйлады. Ал кафедрамыздың атақты профессоры Ә.Т. Төлеубаев Президенттің 2012 жылғы халыққа Жолдауының мән-мағынасын өзінің саликалы ойларымен түсіндірді. Кеш соңында кафедраның оқытушы-профессорларының атынан марапаттау болды. «1-ші дәрежелі креативті эдвайзерлік топ» атағын М.Ш. Эгамбердиевтің студенттері Тоғжан Құрманғожина, Қарлығаш Әбірахановалар алды, «2-ші дәрежелі креативті эдвайзерлік топ» атағы Қ.А. Исаковтың студенттері Руфина Түткішбаева мен Әсел Кембаеваға, «3-ші дәрежелі эдвайзерлік топ» атағы

Ғ.Т. Бексеитовтың студенттері Рахымберді Арайлым мен Қобдабай Жанымайға берілді. «4-ші дәрежелі креативті топ» атағын алған Ж.Қ. Таймағамбетовтың студенттері Айнагүл Құрақбаева мен Алтын Орынбаевалар иеленді.

«Сұңқар» студенттік кәсіподағының төрайымы Әлия Қарағожаева өз ризашылығын біздің кафедрамыздың оқытушы-профессорлары мен студенттеріне білдірді. Біздің кафедрада өткен жұманың жұлдызды кешінде оқытушы-профессорлар мен студенттер арасында болған кездесу-талқылауда Елбасының Қазақстан халқына Жолдауына қатысты ерекше ілтипат пен мемлекетіміздің болашақ инновациялық дамуы нық сеніммен зерделенді.

Қарлығаш ЕРҒАЗЫ,
т.ғ.к., әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
доценті

ҚОЛДАУ

Жолдау тапсырмалары жүзеге асуда

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың халыққа арнаған биылғы Жолдауында белгілеген жаңа міндеттер экономика және бизнес жоғары мектебінде өткізілген дөңгелек үстелде талқыланып, кеңінен қолдау тапты.

Биылғы Жолдаудың ерекшелігі — оның әлеуметтік және инновациялық сипаты. Белгіленген 10 бағыттың ішінде білім беру мен денсаулық сақтау жүйелерін модернизациялау бағыты маңызды орында. Жолдау әлемдік жаһандану жағдайында республикалық жоғары білім беру орындарына жаңа талаптар қойып отыр.

Қазіргі кезеңде, осыған сәйкес, экономика және бизнес жоғары мектебінде атап айтарлық елеулі қадамдар жасалуда. Экономист-мамандар дайындау эксперименталды бағдарлама негізінде жүргізіледі. Кредиттік технология оқу бағдарламаларын әлемдік стандарттарға сәйкестендіруге мүмкіндік берді. Білім беру саласындағы әлемдік тәжірибеде қолданылатын инновациялық технологиялар мен әдістемелер оқу үрдісіне енгізіліп жатыр. Менеджмент және маркетинг кафедрасында дәріс пен семинар сабақтарын өткізуде мәселеге бағытталған, тұлғаға бағытталған және жобалық тәсілге негізделген әдістемелер

«Менеджмент», «Жобаларды басқару», «Бизнесті ұйымдастыру», «Маркетинг», т.с.с. көптеген пәндерді жүргізуде кең қолданыс тапты.

Халықаралық ғылыми-ағартушылық қауымдастыққа ену мақсатында кафедрада Ресейлік халықтар достығы университеті және Новосібір мемлекеттік университетімен қос дипломдық білім беру бағдарламалары табысты жүзеге асуда. Биыл бағдарламаның жүзеге асуының екінші жылында кафедраның «Менеджмент» және «Жобаларды басқару» мамандықтары бойынша 12 магистрант Ресейде білім алып жатыр. Сонымен қатар Францияның Страсбург қаласында академиялық алмасу бағдарламасымен жылда бакалаврларымыз оқып келуде.

Елбасы халыққа Жолдауында өндірістен қол үзбей білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ету қазіргі кезеңде өте маңызды екендігін атап көрсетті. Бұл бағытта кафедра оқытушылары қашықтықтан оқыту технологиясын игеріп, оқулықтар мен оқу құралдарын электрондық нысанға дайындап, «Менеджмент», «Маркетинг», «Мемлекеттік басқару теориясы» пәндері бойынша қашықтықтан оқыту үрдісін жүзеге асыруда.

Жолдаудың тағы бір бағыты — білікті саяси мамандар даярлау. Бұл бағытты

жүзеге асыруда «Мемлекеттік және жергілікті басқару» мамандығы бойынша даярланатын мамандарға қойылатын талап артып отыр.

Ертеңгі күні еліміздің қамын ойлайтын, экономикасын дамытып, өркендететін интеллектуалды, білікті мамандар бүгінгі күні студенттік қоғамда қалыптасады. Сондықтан да келешек мамандарды рухани бай, жоғары моральды, толерантты, еліміздің патриоты болатын тұлғалар ретінде тәрбиелеу Елбасының оқытушылар алдына қойған аса маңызды міндеті деп білеміз. Бұл бағытта эдвайзерлер студенттер мен магистранттарды ғылыми-ізденушілік, әлеуметтік-қоғамдық қызметке баулу негізінде қызмет атқаруда.

Аталып өткен шаралар кафедра мен факультетте өткізіліп жатқан жұмыстардың тек бір бөлігі. Оқытушылар ұжымы Елбасы Жолдауында белгіленген міндеттерді жүзеге асыру бағытында әрі қарай да бар күшін салып, еңбек етуге дайын.

Қ.Р. МУСИНА,
э.ғ.к., менеджмент және маркетинг
кафедрасы меңгерушісінің
орынбасары

Биология және биотехнология факультеті энергетика кафедрасында экология мамандығының студенттеріне арнайы кураторлық сағат ұйымдастырылып, онда «Әлеуметтік экономикалық модернизация Қазақстанның дамуының басты бағыты» тақырыбы аясындағы Елбасы жолдауы талқыланды.

ЖАСТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ЗОР

Студенттер Жолдаудағы 10 басым бағыттың бөлімдеріне тоқталып, жіті талқылады. Болашақ мамандар құжаттағы «Қазақстан халықтарының жұмыспен қамтамасыз етілуі», «Қол жетімді баспана», «Өңірлерді дамыту мәселесі» сондай-ақ «Ауылшаруашылығын дамыту», «Қазақстан Республикасындағы адам капиталының сапалы өсімі» сияқты бағыттарына ерекше тоқталып, бұл міндетте өздерінің де қосар үлестерін жауапты сезінетіндіктерін байқатты. Ел дамуындағы



Бас құжаттағы тақырыптар аясында студенттер қызығушылық танытып, белсенді атсалысты. Себебі оларды өз болашақтары толғандырады. Елбасының жолдауын іс жүзінде атқару үшін олар өз үлестерін қосатындарын атап айтты.

Біздің замандастарымыз, жастар, оқушылар оқып-үйренуге, білуге, біліктілігін көтеруге құқылы әрі міндетті. Бүкіл әлемде адамдар өмір бойы оқумен өтеді. Жолдау — бұл орайда үлкен қолдау. Біздің университетімізде оқуға, бүгінгі қажет болып отырған мамандықты игеруге мүмкіндік те бар, қажеттілік те бар. Сондай-ақ студенттерге білім берумен бірге тәрбиелік жұмыстарды қатар жүргізу, өмірлік ұстанымы әлеуметтік және рухани құндылықтарға негізделген мамандарды дайындау әрбір оқытушы қызметінің басты принципіне айналған.

Елбасы тәрбие мәселесіне де көп көңіл бөліп, оқу үрдісіндегі тәрбие бөлімін күшейтуді қадап айтты. Осы орайда біздің кафедрада студенттерді отансүйгіштікке баулу, лаңкестікке, діни экстремизмге қарсы күреске жұмылдыру, ынтымақтастықтың белсенді мүшесіне айналу тақырыптары — куратор эдвайзерлер жұмысының басты мақсаты.

Осыдан 20 жыл бұрын біз дәйекті әлеуметтік жаңаруға бет бұрдық. Мемлекетіміз көп нәрселерге қол жеткізді. Ең бастысы, маңызды әрі көкейкесті өмірлік қағидаларды іске асыру үшін Елбасының халыққа жолдаған жолдауында көрсетілген міндеттер мен тапсырмаларды орындау парызымыз. Жаңа кезеңнің ығына қарай саяси және әкімшілік даму әрқайсымыздың борышымыз.

Жолдауда айтылған тақырыптар Қазақстанның алдағы дамуына, кемел келешегіне, экономикалық, әлеуметтік-саяси дамуына мүмкіндік берері сөзсіз.

Г.А. МҰҚАНОВА,
Энергоэкология
кафедрасының
аға эдвайзері, б.ғ.к.

МЕТОДИКА

Изучать языки ЛЕГКО!

О родном университете можно много рассказать хорошего. С каждым годом он продолжает двигаться вперед, не останавливаясь на достигнутом. Инновации в обучении прочно заняли свое место, открывая студентам новое, помогая получать знания и грызть гранит науки.

Хочу поведать об одном замечательном проекте по изучению иностранных языков, осуществляемом университетом и международной компанией So To Speak AB (Швеция) при поддержке представительства компании «Nokia» и общественного фонда развития электронного обучения, стартовавшего в ноябре 2011 года в КазНУ им. аль-Фараби.

Для изучения иностранного языка по традиционным методикам и учебникам, которыми в большинстве пользуются школы, требуется много времени. Неверное, произношение, как правило, является отражением неправильно услышанного, что, в свою очередь, ведет к только частичному пониманию быстрой речи.

Уникальная методика Хофса, которая разработана компанией So To Speak, позволяет новичкам с помощью мультимедийных приложений в мобильном телефоне быстро овладеть иностранным языком. Важно отметить, что у методики Хофса есть одна ключевая особенность: она быстро учит разговорному языку. За короткое время можно научиться понимать иностранную разговорную речь и отвечать так же, как на своем родном языке. Я сам убедился, что этот инновационный метод способен помочь студентам развить речевые навыки. Уверен, что это станет хорошим подспорьем для участия в образовательных программах по академической мобильности.

Еще одно преимущество - это практичность и удобство в обучении. Мобильный телефон всегда рядом, когда вы ждете автобус, пьете кофе во время перерыва или идете по делам. Всегда есть возможность изучать язык в любой удобный момент, мобильно. Необходимо только желание и немного терпения, и ты сможешь свободно общаться на иностранном языке.

Приняв участие в проекте, через три месяца моё произношение английского значительно улучшилось, стало гораздо проще воспринимать иностранную речь. Результатом вполне доволен, что не маловажно, участие не потребовало ни материальных, ни значительных временных затрат.

На мой взгляд, проект, поддержанный университетом, действительно принес мне и моим сокурсникам пользу. За что, большое студенческое спасибо его организаторам.

Михаил ЧУРСИН,
студент первого курса
факультета востоковедения

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК



ЖОО оқытушыларының кәсіби педагогикалық шеберлігін жетілдіру – университеттің маңызды міндеттерінің бірі. Сонау ХХ ғасырдың 70-жылдарында педагогика кафедрасына п.ғ.д., профессор Қ.Б. Бержанов басшылық еткен кезде кафедра аясында Педагогикалық шеберлікті жетілдіру институты жұмыс жасаған. Қазіргі таңда біздің кафедра сол дәстүрді қайта жаңғыртуда.

Студенттердің демалыс уақытында Тәрбие жұмысы жөніндегі департамент және Академиялық мәселелер жөніндегі департаменттердің ұйымдастырушылық қолдауымен университет оқытушыларына арналып тренингтер жүргізу дәстүрге айналды. Жалпы алғанда, педагогика кафедрасы университет оқытушыларына қаңтар айында 2 апта бойы 37 тренинг өткізді. Олар - мәселелік, жобалаушылық және тұлғаға бағытталған оқыту бойынша тренингтер. Сонымен бірге



Куратор-эдвайзерлер мектебінің ұйымдастыруымен тәрбие жұмысы мәселелеріне байланысты тренингтер.

Оқытушылардың педагогикалық шеберліктерін арттыруға деген сұраныс күннен-күнге артып, қызығушылық көбейіп отырығанын байқаймыз. Осы орайда, тұлғаға бағытталған оқыту бойынша жоспарланған тренингтер орыс және қазақ тілдерінде қатар жүргізілді. Қазақ топтарында тренинг жүргізген п.ғ.к., доцент Н.С. Әлқожаева мен аға оқытушы Қ.Б. Жұмабекова және орыс топтарында тренинг жүргізген п.ғ.д., профессор Ә.К. Мынбаева, п.ғ.к., до-

цент Г.А. Қасен оқытушылардың белсенділігі жоғары екендігін айтады.

Тренингтің бірінші бөлімінде оқытушылар қазіргі педагогикалық ғылымдағы тұлғаға-бағытталған оқыту теориясы, негізгі идеялары және принциптерімен таныс болды. Одан кейін тренингке қатысушылар ПОӘК және силлабус тапсырмаларын өңдеу бойынша топтық жаттығулар жасады.

Тренингтің екінші бөлімінде қатысушылар оқытудың жобалау әдісі бойынша дидактикалық картаны толтырып, мәселелік дәріспен жобалап оқытуға арналған мәселелердің бағыт-

тарымен танысты. Семинарда мәселелік оқытудың негізгі теориялық ережелері мен идеялары қарастырылып олардың жетістіктері мен кемшіліктері айтылды.

Тренингтердің ерекшеліктері өткізуші студенттерге арналған оқыту үдерісінің жолдарын жетілдету, жақындату, әрбір педагогтың өзіндік қабілеттерін ашу және белсендіру. Оқытудың ойын түрі, топтық жұмыс, оқытудың әртүрлі әдістері арқылы оқытушылар тәсілдерінің жұмыстары көрсетілді. Тренингке қатысушылардың пікірінше, семинарлар тек қана оқытудың жаңа технологиялары мен таныстырып қана қоймай, оқытушылар арасындағы корпоративтік рухты, университетіміздегі оқытушы-профессорлар құрамы арасында

жаева, Ұ.Б. Төлешова, Г.А. Қасен, А.Б. Мұқашева, З.М. Садвақасова, М.Д. Шағырбаева «Развитие креативных навыков студентов», «Командообразование в студенческой группе на основе социометрии», «Ключ к успеху в профессиональной деятельности», «Тәрбиенің заманауи технологиялары», «Куратор-эдвайзер – студент – ата-ана ынтымақтастығы» және «Зерттеу университеті жағдайында студенттерді коммуникативті мәдениетін жетілдіру» тақырыптары бойынша тренингтер өткізді

«Развитие креативных навыков студентов» тренингі оқытушылардың өз топтарымен жүргізетін кураторлық сағаттарда қолдануына мүмкіндік беретін шығармашылық қабілеттерін ашу мен дамытуға бағытталған.

Тек шығармашылықпен айналысатын педагог қана шығармашыл тұлғаны қалыптастыра алады.

Тренингте республика бойынша біздің оқытушыларымыздың шығармашылығы үздік екендігіне көз жеткіздік. Ең шағрмашыл деп журналистика, философия және саясаттану, физика, география факультеттерінің куратор-эдвайзерлері танылды.

«Куратор-эдвайзер – студент – ата-ана ынтымақтастығы» тренингінде кураторлар рөлдік ойындарын ойнады. Студент ата-аналарының көтеріп жатқан мәселелерін талқылады, студенттердің ата-аналарымен әрекеттесу тәжірибесімен бір-бірімен пікір алмасты.

Әрбір инновация және өзгеріс педагогтан басталады. ХХІ ғасыр майталмандарын тәрбиелеуде оқытушылардың өз жұмысына деген белсенді және шығармашылық қатынасынсыз біз жетістікке қол жеткізе алмаймыз. Ал биік рух пен шығармашылық орта қалыптастыру үшін мұндай жаттығулар таптырмас тәжірибе болмақ.

Ә.К. МЫНБАЕВА,
Философия және
саясаттану факультетінің
жалпы және этникалық педагогика
кафедрасының меңгерушісі п.ғ.д.,
профессор

Тәуліктік кітапханасы бар университет

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев қазақтың жоғары білім беру саласының қара шаңырағына айналған шығыстың ғұлама ғалымы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін әрдайым үлгі тұтатыны белгілі. Оның «Бүгінгі таңда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тәуелсіз Қазақстанның кадрлар дайындайтын негізгі орталығының бірі деуге әбден болады» деген бағасы біздің ұжымның алдына үлкен жауаптылық қояры сөзсіз. Осы жоғары мәртебені ұдайы асқақтату мақсатында университетімізде көптеген инновациялық жобалар жүзеге асырылып отыр.

Қоғамның дамуын білімсіз, ғылымсыз елестетудің өзі мүмкін емес. Бұл бағытта ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев білім мен ғылымға ерекше көңіл бөліп отыр. Халыққа Жолдауында Елбасы елімізге экономикалық және қоғамдық жанару қажеттіліктеріне сай келетін осы заманғы білім беру жүйесі қажет екендігін атаған болатын. Осыған сәйкес елімізде әлемдік білім беру ісіне қатысты көптеген шара қолға алынды. Соның бірі Отанымыздағы жоғары оқу орындарының әлем университеттері ұлы хартиясына мүше болып қабылдануы дер едік.

Соңғы жылдары әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің білім саласында тың, сапалық өзгерістер болып жатыр. Білім беру жүйесінде жеке тұлғаға бағдарланған, ізгілікті, шынайы демократиялық нышандағы бүкіладамзаттық құндылықтарды алға шығаратын оқыту үрдісі қалыптасуда.

Осы бағытты жүзеге асыру мақсатында үстіміздегі жылы Білім және ғылым министрлігінің ұйымдастыруымен «Академиялық мобильділікті арттыру» бағдарламасы қабылданды. Бағдарлама аясында университетіміздің 90 магистранты әлемнің алдыңғы қатарлы 78 оқу орынында күзгі бір семестрді оқуға мүмкіндік алды.

Сол мүмкіндікке ие болған магистранттар қатарында мен де болдым. Оқу курсым Оңүстік Кореядағы Сеул қаласының Ханьянг университетінде өттім.

Ханьянг университеті - дүние жүзі бойынша алдыңғы қатардағы білім беру орны. Іргесі 1939 жылы қаланған білім ордасының қазіргі кезде 2 ірі оқу кампусы (Seoul және ERICA) бар. Университетте 25 010 бакалавр, 9 400 магистрант пен PhD докторант білім алуа. Оқытушы-профессорлар құрамы -1047. Бір



ерекшелігі, университетте сабақ таңғы сағат 9.00-ден түнгі 23.00-ге дейін жалғасады. Ал 9 қабаттан тұратын негізгі кітапхана есігі 24 сағат бойы ашық. Онда студенттер өздеріне-өздері кітапханалық қызмет жасап, арнайы оқырман билетін пайдалана отырып қажетті кітаптарды компьютер арқылы қолдана алады. Уақыт талабына сәйкес оқыту, тәрбие беру ісінде де инновациялық идеялар мен технологиялар қолданылған.

Көңілге қонымдылығы, Ханьянг университетінде шетелдік студенттерге толығымен білім алуға, уақытын үнемді пайдалануға, тіл үйреніп, ел мәдениетімен, тарихымен танысуға арналған бағдарламалар жүйелі қарастырылған. Әсіресе магистрант-

тар мен PhD докторанттардың білім алуына жақсы жағдай жасалған. Атап айтатын болсақ, әр факультет аясында оларға жеке оқу бөлмесі беріледі. Оқу бөлмесі компьютер, көшірме аппараты, интернет сияқты қажетті барлық жабдықтармен, шағын кітапханамен, канцериялық жабдықтармен қамтамасыз етілген. Бұнымен қоса, минералды ауыз су және т.б. қажеттіліктер де табылады. Интернет жүйесі университет кампусын толық қамтығандықтан, ғимараттардың әр қабаттарында орналасқан электронды дисплей такташа арқылы студенттер интернет желісін пайдаланып, өз сабақ кестесін, оқу үлгерімдерін, университет жаңалықтарын көре алады.

Ханьянг университетінің мен оқыған тарих факультетінде де дүниежүзі

бойынша ғылыми байланыстары кең екен. Оқу барысында, профессор Ким Чу Хян мырзаның жетекшілігімен, көптеген халықаралық ғылыми конференция мен семинарға қатысып өз білімімді жетілдіруге мол тәжірибе жинақтадым. Халықаралық конференцияға Англия, Германия, Жапония, Қытай, Франция, Тайвань және т.б. елдердің атақты университеттерінен профессорлар келіп баяндама оқыды, пікір алмасты.

Бұл беделді халықаралық білім бірлестігіне мүше болу екі жақты әріптестікті нығайтып, университетімізде несиенмен оқыту жүйесін жетілдіруге, болашақ ұстаздарға тәлім-тәрбие беру ісін жана сатыға көтеруге ықпал етеді деп ойлаймын.

Мемлекет тарапынан университет тарапынан қолдау тауып іске асырылып жатқан мұндай іс-сапардың, ғылыми кәсіптік іс-тәжірибенің жас мамандар үшін де, университет үшін де пайдасы өте зор. Себебі іс-сапар барысында түйгеніміз қай салада болмасын өте қажет. Тәжірибелі маман қоғамды жаңашылдыққа жетелейді.

Қазақстан мен Корея арасындағы қарым-қатынасты одан әрі дамытсақ деген тілегім бар. Бұл тәжірибе алмасу арқылы жаңалыққа, жаңашылдыққа және мәдени-рухани тұрғыда дамуға қол жеткіздік. Ғылымға деген ұмтылыс пен қызығушылығымызды оянттық. Жаңаша көзқарас, жаңа идеялар пайда болды. Тәжірибеден өту арқылы келешек жастар өз еліміздің тарихына қатысты, білім жүйесі, екі ел арасындағы қарым-қатынасты салыстырмалы түрде қарастыра отырып зерттегенде көптеген жетістіктерге қол жеткізеріміз сөзсіз.

Жоғарыда аталған университет әлемдегі жетекші оқу орындары арасында және мемлекеттік қызметшілерді даярлауда мамандандырылған елеулі бәсекеге ие артықшылықтары бар оқу орыны болып табылады.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Оңтүстік Корея Республикасының Сеул, Пусан, т.б. қалаларындағы университеттермен оның ішінде, әсіресе Сеул қаласындағы Ханьянг университетімен алдағы уақытта да тығыз байланыстар орнатып, келешекте студенттердің шетелде іс тәжірибе алмасуына мүмкіншіліктер жалғаса береді деп сенемін.

Әр халықтың өзіне ғана тән

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ

қалыптасқан, ерекше мінез құлқы, мәдениеті болады. Осы оқуайларында жүріп-көріп, танып, түйсінген біздің көзқарасымыз бойынша, кәріс халқының мінезі, әдепті, биязы, кішіпейілділігі, үлкенді-кішіге бірдей инабаттылықтарын айтпай кету мүмкін емес. Жалған, жасанды емес нағыз мәдениет, жоғары білімді саналы халықтың мәдениеті, тәртібі, тәрбиесі озық елдермен білім алмасу үрдісі маған өте ұнады. Әл-Фарабидің «Тәрбиесіз білім умен тең» деген нақыл сөзі бар. Ұлттың құндылығы мол, тәрбие мен жаңалыққа толы білімі ұштасқан, еліміздің болашағын нық қолдарына алатын жастар легі толассыз көбейе берсін.

Галлактика аралық ғарыш кемесін тек білімді, өжет, саналы жастар ғана бағындыра алатынын түсінсек, білім кемелерін сондай ұшқыр жастар жүргізе алары баршамызға аян. Біздерге, жастарға сеніммен қарап, түзу бағыт-бағдар беруші алдымыздағы барлық ұстаздар мен ел тұтқа ағаларға шексіз алғыстан гүлдете ұсынамыз.

Күні-түні енбектеніп халық болашағы – ертенгі адамзат сана-сезімінің даму сатысының жоғарылауына барлық күш жігерін, еңбектерін аямай сарп ете білген алдыңғы буынға, біздер, жас білім қуушы, ізденуші жастар шын ықыласпен риза болып, университет басшысы Мұтанов Ғалымқайыр Мұтанұлына, тарих, археология және этнология факультетінің деканы Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлына және барлық ұжым мүшелеріне рақметімізді білдіреміз.

Ел көріп, жер танып, біліктілігіміз екі еселеніп, көпті көрген қариядай болып, университетіміздің философия және саясаттану факультетінен Сәуле Нарботаева екеуіміз, осындай мүмкіншілікке қол жеткізігеніміз үшін өте қуанышты болдық. Студенттеріне осындай мүмкіндік ұсынып отырған білімнің қара шаңырағы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті екенімді зор мақтаныш етемін.

Мөлдір ӨСКЕНБАЙ,
тарих, археология және этнология факультеті
Қазақстан тарихы кафедрасының
2 курс магистранты

ФОРУМ

МОСКОВСКИЙ ФОРМАТ СОТРУДНИЧЕСТВА

Студенты КазНУ приняли участие в VII Форуме лидеров студенческих и молодежных организаций.

Представительный форум состоялся в Москве в Московском государственном университете им. М.В. Ломоносова. Мероприятие проводилось в рамках празднования Дня российского студенчества и Татьянинного дня - Дня основания МГУ.

Форум проводился по инициативе Международной общественной организации «Международное Содружество студен-

ческих организаций и молодежи», которая объединяет более 70 молодежных и студенческих организаций ведущих университетов стран СНГ. В ходе встреч обсуждались вопросы развития и укрепления связей студенческих организаций и молодежи, расширения и углубления сотрудничества в области культуры, науки, образования, гуманитарной сферы и информационной политики,

роль молодежных организаций в процессе формирования будущей элиты и др. Также участники форума обменялись опытом реализации инновационных проектов в области науки, образования и студенческого самоуправления.

По итогам Форума были заключены соглашения о сотрудничестве Студенческого конструкторского бюро КазНУ им. аль-Фараби и Совета студенческого союза МГУ им. М.В. Ломоносова, Профсоюза «Сункар» и ОО «Международное Содружество студенческих органи-

заций и молодежи», а также отдела по работе с молодежными организациями КазНУ и Всероссийской общественной организацией «Русское географическое общество».

В результате договоренностей, достигнутых на форуме, девять студентов КазНУ примут участие в Международном молодежном лагере в рамках проекта археолого-географической экспедиции «Кызыл-Курагино», также планируется, что представители университета пройдут стажировку в Объединенном институте ядерных исследова-

ний и Международном инновационном центре нанотехнологий СНГ в г. Дубна.

Сотрудничество молодежных организаций КазНУ им. аль-Фараби и МГУ им. М.В. Ломоносова активно развивается на протяжении трех лет. Ежегодно студенты двух вузов - флагманов образования Казахстана и России проводят совместные мероприятия и различные проекты.

Комитет молодежной организации

ЮБИЛЕЙНАЯ СПАРТАКИАДА

В январе т.г. на спортивных площадках КазНУ им. аль-Фараби прошла 40-я юбилейная традиционная спартакиада «Здоровье» среди профессорско-преподавательского состава, сотрудников и докторантов. В соревнованиях приняли участие 17 сборных команд факультетов и подразделений университета, которые состязались в восьми видах спорта: бадминтон, шахматы, настольный теннис, волейбол, мини-футбол, дартс и тоғыз кумалак.

Победителем спартакиады в общекомандном зачете стал физико-технический факультет (декан – Б.А. Алиев, председатель профбюро – Ш.Б. Байганатова). Второе место завоевал спортивный коллектив механико-математического факультета (декан – У.С. Абдибеков, председатель профбюро – М.Б. Елгондина), на третьем месте оказалась военная кафедра (начальник кафедры – подполковник О.Е. Степаненко, председатель профбюро – Э.А. Бейсетбаева).

Большую помощь в организации и проведении спартакиады оказали руководство университета, профсоюз работников «Парасат» и кафедра физического воспитания и спорта. Спартакиада вызвала большой интерес среди преподавателей и сотрудников университета, помогла получить хороший заряд бодрости и здоровья, яркие эмоции и впечатления.

Хорошую работу по подготовке команд в отдельных видах спорта провели председатели профбюро факультетов и подразделений: Ш.Б. Байганатова (физико-технический), М.Б. Елгондина (механико-математический), Э.А. Бейсетбаева (военная кафедра), Б.К. Кобекова (ФФИП), Б.К. Купешова (ВШЭИБ), З.А. Абидин (ФМО), Т.Б. Сейдимханова (факультет филологии, литературоведения и мировых языков).

Победитель и призеры спартакиады были награждены памятными кубками и дипломами профсоюза работников КазНУ «Парасат», а команды-призеры по 8 видам спорта отмечены грамотами и ценными призами.



Соб.кorr.

АКЦИЯ

Қағаз қалдықтарын іске асыр

Халықаралық қатынастар факультетінің студенттері биылғы оқу жылында жаңа жатақханаға көшіп, өздеріне барлық жағдайларын жасағаны үшін университет басшылығына дән риза. Жаңалыққа жаны құмар халықаралық қатынастар факультетінің студенттері жатақхананы өздерінің екінші үйі есептегендіктен, бар ынта-жігерлерімен жатақханадағы өмірдің қызықты өтуіне атсалысты.



қалдықтарын – макулатураны тиімді пайдалану қажет екенін көрсету. Макулатураның (қағаз қалдықтарының) 1 тоннасын іске асыру арқылы 400 м³ ағаш өнімін сақтап қалуға болады, ал бұл –5 үлкен ағашты сақтап қалумен бірдей.

Жыл сайын планетадағы өсімдіктер 150 млрд тонна көміртекті өндеп, атмосфераға 25 млрд тоннадан астам оттегі бөліп шығарады. Ауданы 1 гектарға тең орман алқабы 1 күнде 40 тонна суды буландырады.

Қағаз қалдықтарын қайта пайдалану тек ормандарды сақтаумен шектелмейді, сонымен бірге қағаз қалдықтарын жинап алып, іске асыру табиғат ластануының алдын-алу болып табылады. Целлюлоза өндірген кезде табиғи суқоймалардың ластануы, демек, табиғи ортаға тигізілетін зиян макулатураны өндегенде келтірілетін зиянмен салыстырғанда бірнеше есе қауіпті. Қағаз қалдықтарын қайта өңдеу – қатты қалдықтардың мөлшерін, оларды жағу нәтижесінде немесе шіруінің сал-

дарынан атмосфераға бөлінетін зиянды заттардың көлемін азайтады.

Студенттерді қаламыздың тазалығын сақтауға бағытталған акцияға қатыстыру арқылы қағаз қалдықтарын жинауды жүйелік іске айналдырып жетілдіруге, қағаз қалдықтарын тиімді қолдануға бағытталған іс-шараның максаттары орындалады деп сенеміз.

Барлықтарыңызды акцияға белсенді түрде қатысуға шақырамыз!

Егер Сізді экологиялық проблемалар, табиғи ресурстарды тиімді пайдалану және қаламыздың тазалығы толғандыратын болса, Сіз өзіңіздің іс-әрекеттеріңізде пайдаланған және жарамсыз болып қалған қағаздарды жинап, Сізге осындай өтінішпен келген студенттерге тапсыруыңызды сұраймыз.

Ал студенттерді және басқа да тілек білдірген азаматтарды жинаған қағаз қалдықтарын химия факультетінің ғимаратына 321,329 бөлмелерге әкеліп, тапсыруларын өтінеміз. Қағаз көп мөлшерде жиналған кезде оны макулатура өңдейтін мекемеге өткіземіз.

Акцияны ұйымдастырушы және жетекшісі: профессор А.К. БАЕШОВА, Орындаушылар: профессор О.Я. СУЛЕЙМЕНОВА, доценттер, Р.К. АШКЕЕВА, Л.М. ТУГЕЛБАЕВА, жетекші маман Г.К. ТАСИБЕКОВА

СЕМИНАР

Энергия көзі

4 ақпанда география және табиғатты пайдалану факультетінің энергоэкология кафедрасында «Экономиканы индустриаландыруда қайта қалпына келетін энергия көздерінің рөлі» тақырыбында кезекті ғылыми-тәжірибелік семинар өтті.



Семинарда қайта қалпына келетін энергия көздері бойынша «Қазақстандық Электрэнергетикалық Ассоциациясы (ҚЭА)» директорлар комитетінің төрайымы Пазылхайрова Гүлбану Тәжібайқызы сөз сөйледі. Өзінің баяндамасында ол еліміздің экологиялық және энергетикалық мәселелерін атап көрсетіп, сонымен қатар Қазақстан территориясында дәстүрлі емес энергия көздерін дамытуға баса назар аударды.

Семинарға әл-Фараби атындағы ҚазҰУ технопаркінің директоры К.К. Богуспаев және кафедра оқытушылары, магистранттар мен студенттері белсене қатысты. Семинарға қатысушылар, қайта қалпына келетін энергия көздерін пайдалану саласы бойынша ҚЭА-мен серіктестік жолдарын талқылады.

Сайран БАЯНДИНОВА

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор м.а. – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Редакторлар: Еңлік АҚЖІГІТ, Ағила ШУРИЕВА
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА
Беттеуші – Татьяна ӘКІМОВА
Фототілші – Алмат МҰХАМЕТЖАНОВ

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

050040, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-35-20.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Бизнес Информ" баспаханасында (Төле би көшесі, 108) басылды.
Тел.: 8 (727) 293-09-09

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы – 1000 дана.
Тапсырыс № 10068

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.